

«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы МКҚК

№3 «Аққу» ересек тобы

«Қош келдің Алтын күз!» ертеңгілігі

Музыка жетекшісі: Қорғанбаева Р.Ж.

Тәрбиеші: Айжарықова Р. Е.

2025-2026 оқу жылы



Қош келдің Алтын күз!

Жүргізуші: Қуандырып біздерді ,

Мерекелі күз келді.

Кел жемісті алтын күз,

Кемелденсін ел енді.

Құрметті қонақтар! Балалар ! Алтын күз мерекесіне қош келдіңіздер! Ел байлығын арттырған берекелі де, мерекелі күз мерекесі құтты болсын! Ендеше «Қош келдің Алтын күз» атты ертеңгілігімізді бастаймыз.

Жүргізуші: Балалар мен сендермен ойын ойнағып келіп тұр: «Кім тез жауап береді?»

Балалар мен сендерге сұрақ қоямын ,кім бірінші қол көтерсе ,сол жауап береді.

- 1.Қазір жылдың қандай мезгілі?
- 2.Күзде ауа райы қандай болады?
- 3.Ағаштардың жапырақтары қандай түске айналады?
- 4.Күзде аспанда не жиі жауады?
- 5.Құстар күзде қайда ұшады?
- 6.Күзде бақшада не піседі?
- 7.Күзді неге «Алтын күз»деп айтамыз?

Жүргізуші: Жарайсындар балалар сендер барлық сұраққа дұрыс жауап бердіңдер.Олай болса балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын .

Жұмбақ: Ағайынды бәрі,

Шықса –жасыл.

Түссе-сары .Бұл не?

Балалар: Жапырақ

Жүргізуші: Дұрыс айтасындар балалар . Ендеше «Аққу» тобының бүлдіршіндерінің орындауында .

Ән : Қызыл сары жапырақ.

Жасыл жапырақ атады

Сары сәбіз піседі

Дәруменге тұншығып.

Картоп : Картобымды қаздым мен

Қуанды әжем мәз күлген

Қуырып береді кешкі ас

Жеймін сүйіп тәтті рас.

Жүргізуші : Жарайсың Алтын күз өзінмен бірге көкөністерінді әкеліпсің.Ендеше төрлетіндер біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыздар.

Ән: Күз келгенде.

Жүргізуші: Ойын ойнап ән салмай, өсер бала боларма демекші келесі кезекті ойынға берейік.Ойынымыздың аты «Кім жылдам?»Ортаға екі бала келіңіздер.Ойын шарттын түсіндіріп өтейін.Мына жерде жемістер,көкөністер бар соларды атын атаймыз ,кім жылдам тез алады сол жеңіске жетеді.

Жүргізуші: Жарайсындар балалар ! Ойын ұнадыма сендерге. Ендеше келесі кезекті бізге қонаққа келген көкөністердің биіне кезек берейік.

Би: Көкөніс.



Жүргізуші : Балалар бәріміз бірге қозғалайық.Күздің көңілді ырғағымен би флешмобқа қатысайық.

Күн: Балалар күзде күн аз жарқырайды,бірақ сендердің күлкілерің мен қуаныштарың менің нұрым!

Жүргізуші: Жарайсындар балалар сендер күз туралы такпақ білесіндерма?

Азиз: Күздің қазан айында

Алма Алмұрт піседі

Жапырақтар сарғайып

Сыбдыр-сыбдыр етеді.

Адина : Ән салайық күлiндер

Жайнап гүлдей жүрiндер

Күздің тойын тойлайық.

Би билейiк ойнайық.

Бекназар : Берекесiн сыйлауға

Өлкемiзге күз келдi

Жемiстерiн жинауға

Шақырады бiздердi.

Әмина: Көбейдi құт береке

Астық толы қамбамыз.

Құтты болсын мереке

Алтын күздi тойлаймыз.

Би: Тамшы



Жүргізуші: Балалар қарандаршы бізге қонаққа күн келіпті.

Күн : Сәлем мен жылы Күнмін.

Нұр төгемін күллі елге!

Жер бетін жылытып

Берекемді әкелем мен!

Жүргізуші: Қош келдің ,Күн! Сен күзді көрмедіңбе?

Күн : Иә мен аспанда жүріп бәрін көремін.Күз келді –табиғат алтын түске боялды.Ал сендер күзді жақсы көресіздерма?

Балалар : иә жақсы көреміз.

(Музыка өзгереді.Күн шетке барып тұрады . Алтын күз кейіпкер келеді.)

Алтын күз: Сәлем достар мен - Алтын күз,

Сары түске бояймын түз.

Әкелдім молшылық,байлық.

Табиғатқа ерекше сән ,айлық!

Жүргізуші: Қош келдің Алтын күз! .Балалар сендерді асыға күтті .

Алтын күз: Мен жалғыз келмедім өзіммен бірге өзімнің байлығым көкөністерді ерте келдім.Көкөністер әр қайсысы өзі туралы айтып береді.

Қызанақ: Қып қызыл боп қалғанда

Аузыңа салғанда

Не жетеді шіркін-ай

Қызанаққа жалғанда.

Қияр: Көктеп ерте өрмелеп

Өсемін мен бүр жарып

Атым қияр теріп ал

Жиі жиі суарып.

Сәбіз: Жер астында жатады

Алтын күз: Рахмет балалар !Сендердің өнерлерің маған ұнады.Енді бәріңе молшылық пен береке тілеймін!

Жүргізуші:Ал балалар менің қолымдағы кестеге қарап суретте не бейнеленген кім айтады?Дұрыс айтасындар балалар.

Құрметті қонақтар бүгінгі біздің «Қош келдің Алтын күз» атты ертеңгілігіміз өз соңына жетті.Көңіл қойып тыңдағандарыңызға рахмет.

